

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН
ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 05 (7792)
Сәрсенбі,
19 қаңтар 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

Есептік жиын

Ауыл әкімімен келісті, ойларымен бөлісті

Белқарағай ауылдық округінің ауылшаруашылығы жерлері Катонқарағай өңірінің кейбір аумақтарына қарағанда, мал мен егін шаруашылығын жүргізуге қолайлы. Топырақ қабатының құнарлылығы өз алдына, мұнда ауылшаруашылығы техникаларын толығымен пайдалануға болатын мидай жазық өгістіктер мен шабындықтар, мал жайылымдықтары да мол.

Осы мүмкіншіліктерді тиімді пайдалана бастаған округтің шаруа қожалықтары мен жекеменшік иелері жылдан-жылға мал басын көбейтіп, олардан алына-тын ет, сүт, қымыз сияқты өнімдерді өндіруде де жақсы нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Округте, әсіресе, жылқы шаруашылығы жақсы даму үстінде. Бұған бір ғана мысал ретінде мына бір цифрларды айта кетсек жетіп жатыр. Егер 2013 жылы жалпы округ бойынша 18 шаруа қожалығы бие сауып, қымыз өндірген болса, өткен жылы бұл жұмыспен 27 кәсіпкерлер звенолары айналысып, 260 тонна бағалы сусын дайындап сатқан. Бұл атақәсіптің тиімділігін Бақытбек Уәлиев, Қамбар Исинов, Қайнар Қасымов тағы басқа кәсіпкерлер өз істерінен көріп, өзгелерге де дәлелдеп отыр. Яғни, олар өндірген өнімдерін қолма-қол ақшаға сату арқылы тек қана отбастарының бюджеттерін толтырып қана қоймай жаңа тракторлар, шөп жинағыштар, автомашиналар алып, қожалықтарының материалдық-техникалық базаларын жаңартуда.

Белқарағай ауылдық округінің әкімі Дәурен Қалибеков Сегір ауылының тұрғындары алдында берген есебінде міне, осы сияқты оңды істерді көпшілікке баяндады. Сонымен бірге ол округте құрылыс салу жұмыстарының да көңілдегідей жүргізілгендігін атап көрсетті. «Сыбаға» және «Даму» бағдарламалары бойынша мемлекеттен жеңілдетілген несиелер алуға да белқарағайлықтардың ауданда алдыңғы орындардың бірінде тұрғандығын тілге тиек етті.

Ауыл әкімінің есебіне толығымен қанағаттанған сөгірліктер көлденең сұрақтар қойып, уақытты босқа алған жоқ. Зейнеткер Бибәтима Қасақаева тағы басқалар баяндамада келтірілген дәйектермен толығымен келісе отыра, көп жылдан бері өздерін мазалап келген ауысу мәселесінің өткен жазда оңды шешілгендігіне ризашылықтарын айтып, ауылдың демографиялық жағдайына алаңдаушылық білдірді. Мұндай күрделі уақытта мектептің ұсталуы жайында басшылардың ойын білгілері келетіндіктерін де сабыр-



мен жеткізді. Демография бір ғана Сегір ауылының басында тұрған мәселе емес, алайда, оны шешумен ең алдымен тұрғылықты халықтың өздері айналысу керек

екендігін әркім айтқызбай-ақ ұғып отырды. Мектептің бүгінгі мен ертеңі төңірегіндегі сұраққа аудандық білім беру бөлімінің басшысы Лаура Тоқсанова толыққанды жауап берді.

Ауылдық фельдшер Руфа Шағалинова келешекте ауыл көшелерін жарықтандыру жалғастырылса, ұялы телефон байланысы орнатылса деген тілегін айтты. Бұл сұрақтар төңірегінде аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Қайыржан Сәдуов әңгімелеп, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бюджет қаржысын үнемдеу әрбір тиынды үнемдеп жұмсау жөнінде Үкіметке, облыс, аудан, ауыл басшыларына қойып отырған талабын түсіндіріп, қазіргі дағдарыс жағдайында барды қанағат қылып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып еңбек етіп, кездескен экономикалық қиындықтарды жеңу қажеттігін отырғандардың санасына жеткізді.

Аудандық аумақтық инспекция бастығы Серік Қырықбаев әлемді жайлаған дағдарыстан қиналмай шығудың бір тетігі - жаппай ерінбей еңбек ету, өндірістің тиімділігін қамтамасыз етуде қолда бар мүмкіншіліктер мен резервтерді сарқа пайдалану дей тұра, облыс әкімі Даниял Ахметовтың ауылшаруашылығы еңбеккерлеріне сүт өндірісін дамыту, оған ауыл тұрғындарын тарта отырып, жекеменшіктен сүт жинауды ұйымдастыру жөнінде берген тапсырмасын орындау жөнінде ауданда бірқатар жұмыстардың қолға алынғандығын айтып берді. Сонымен бірге, ол сүтті қабылдау кезінде тапсырушыларға қойылатын талаптар және олармен есеп айырысу жөнінде де түсіндірді.

Кездесуге қатысқан аудандық мәслихат депутаты Е. Кешілбаев та өз сайлаушылары алдында сөз сөйлеп, халық қалаулыларымен өткен бір жыл ішінде атқарылған жұмыстар туралы хабарлама жасады.

Жәнібек Қызыр.
Сурет автордікі.

Аудан әкімі Қапқан Байғонцсовтың «Катонқарағай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2014 жылғы қортындылары» туралы есептік баяндамасы

Өткен жылдың қараша айында Елбасы - Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды.

Бұл бағдарламалық құжаттың біздің еліміз үшін тарихи маңызы ерекше. Себебі, Жолдау нағыз уақыт рухын сезіндірді, бүгінгі күннің әрқайсымызды толғандырған мәселелерін алдымызға алып шықты.

Еліміздің ұзақ мерзімді даму жоспарын іске асыруға арналған инновациялық идеялар жария етілді. Үкімет пен мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берілді.

Басты мақсат – еліміздің ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына қосылуы.

Барша қазақстандықтармен бірге катонқарағайлықтар да осы мақсаттағы жұмыстардың жүзеге асуына өзіндік үлес қосып келеді.

Өткен жылы аталмыш кездесуде аудан тұрғындарынан 158 сұрақ түсіп, есеп беру барысында оларға жауаптары берілген.

Бүгінгі күні барлық бақылауға алынған сұрақтар оң шешімін тапқан.

Тұрғындар алдындағы есептік кездесулерден бөлек, жеке блог арқылы келіп түскен өтініштеріңіз бен тұрғындарды жеке қабылдау барысында көтерілген мәселелер үнемі назарда.

2014 жылы Катонқарағай ауданы әкімінің аппаратына жеке және заңды тұлғалардан 1292 өтініш келіп түсті, бұл 2013 жылдың сәйкес мерзіміне қарағанда 872 өтінішке көбейді.

2014 жылы аудан әкімінің жеке қабылдауында 38 адам болды.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 17296,0 млн. теңгені немесе өткен жылмен салыстырғанда 105,9 пайызды құрады.

Ауданда ірі-қара мал басын ұлғайту мақсатында «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламалары жүзеге асырылуда. Қаржыландыру «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ даму институттары арқылы іске асырылады.

«Сыбаға» бағдарламасы бойынша шаруа қожалықтарына ірі-қара мал басының етті тұқымды төлдерін өсіру үшін несиесі ұсынылған.

Бағдарламалар жүзеге асырылғаннан бастап, шаруа қожалықтарына 310 млн. теңге көлемінде несиесі беріліп, 1668 сиыр және 138 өгіз сатып алынған болатын.

Ағымдағы жылы «Атамекен» шаруа қожалығы (Бәкімбаев Тоқтасын) «Қазагроқаржы» Аның қарыз қаражаты есебінен 26,9 млн. теңгеге 72 бас асыл тұқымды ірі-қара малын «Көкжал» шаруа қожалығынан (Күршім) сатып алып, мал бордақылайтын алаң құрып, қазақтың ақбас тұқымдас ірі-қара малын жетілдірді.

2014 жылы «Жайлау» бағдарламасы бойынша ауылдық жерлерде ұсақ мал өсіру үшін «Ертіс» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы 24 шаруа қожалықтары 60 млн. теңгеге 2400 қой басын сатып алған.

Қараша айында осы бағдарлама бойынша қосымша қаражат бөлініп, 30 млн. теңгеге 1500 ұсақ мал басы сатып алынған болатын. Операторлар анықталған (Бәкімбаев Т.Ш. және Тайнигазинов С.Т.), мал сатып алу жұмыстары аяқталуда.

Барлығы 2014 жылы «Жайлау» бағдарламасы бойынша 90 млн. теңгеге 3900 ұсақ мал басы сатып алынды.

«Алтын асық» бағдарламасы бойынша ұсақ мал басының етті төлдерін өсіру үшін несиесі ұсынылған.

Ағымдағы жылы осы бағдарлама бойынша 10 млн. теңгеге 400 бас ұсақ мал сатып алу жоспарлануда. Сонымен қатар, «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ екі шаруа қожалықтарының (Жексембаев Б., Мукамжар Алтынбел ауылының тұрғындары) құжаттары тапсырылып, 2015 жылға қаражатты игеру және 800 бас ұсақ мал сатып алу жоспарлануда.

«Құлан» бағдарламасы бойынша жылқы малының етті тұқымды төлдерін өсіру үшін несиесі ұсынылған. Осы бағдарлама бойынша «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-на 36 млн. теңге сомасына үш өтінім түсіп

(Аяғанов А. Н., Құсаинов А., Уәлиев Б.), ағымдағы жылы (жоспар 93 бас жылқы) 102 бас жылқы сатып алу жоспарлануда.

Ірі-қара мал басының өсіру қарқынын сақтап қалу мақсатында былтырғы жылға «Жұмыспен қамту жол картасы -2020» бағдарламасымен 2014 жылы (2013 жылдың желтоқсан айында бөлінген қаражат - 5 ай мерзімінде жүзеге асырылды) 562 жылқы, 2112 ірі-қара мал басы, 419 бас ұсақ мал, 5100 құс сатып алынды.

Іс-шаралар жоспарына сәйкес ауыл шаруашылығы саласында 2015 жылдың аяғына дейін экономикалық қарқынды қамтамасыз етуге жоспарланған: 1) «Асыл тұқымды репродуктор 1000 бас ірі-қара мал шетелдік селекция («Өмір» шаруа қожалығы).

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ арқылы 707,5 мың теңге сомасына 1034 бас көлемінде мал лизингі өтелді.

2020 жылға «Өмір» шаруа қожалығы жыл сайын 500 бас асыл тұқымды бұзау өсіру үшін толық қуаттылыққа шығуды жоспарлап отыр. Жоспар бойынша ірі-қара мал басын 2550 дейін жеткізу қажет.

2014 жылдың қортындысы:

1) Осы жоба инвестициялар бойынша есепке қойылған.

2) 25 жаңа жұмыс орны ашылады.

3) Бүгінгі күні Ульяновка ауылындағы су жүйелерін ағымдағы жөндеуге облыстық бюджет қаражаты есебінен 18492 мың теңге бөлініп, игерілген. Ұңғыма бұрғыланып (75 метр су деңгейімен), ұңғының басынан базаға дейін 1 км 600 метр аралығында су құбыры салынған, сорғы станциясы орнатылған. Бүгінгі күні «Өмір» шаруа қожалығы толықтай сумен қамтамасыз етілген.

4) 2014 жылы «Қазагроқаржы» АҚ арқылы 26,5 млн. теңгеге 9 бірлік ауылшаруашылық техникасы сатып алынды, оның ішінде 5 трактор.

2014 жылы егістік алқаптың көлемі 75,8 мың га, оның ішінде дөңді дақылдар -18,9 мың га, зәйтүн – 23,0 мың га құрайды.

Егістік алқаптың жалпы түсімі- 34 мың тонна, күнбағыс-21,8 мың тонна(+0,3), картоп- 25,8 мың тонна, көкөніс- 4,9 мың тонна. Орташа өнімділігі (бункерлік салмақта) 18 ц/га (+0,1),зәйтүн 9ц/га (+0,3), картоп 168 ц/га, көкөніс 257 ц/га.

Бөлінген субсидиялар

Жанар-жағар май бағасының арзандауына байланысты 121 ауыл шаруашылық құрылымдарына - 102,3 млн. теңге; 19 ауылшаруашылық құрамаларына минералдық тыңайтқыштар мен гербицидтер сатып алуға -12,8 млн. теңге; 2 ауылшаруашылық құрылымдарына тұқым сатып алуға - 3,2 млн. теңге; өнімділігі жоғары марал асырауға 6 ауылшаруашылық құрылымдарына - 26,5 млн. теңге; 35 ауылшаруашылық құрылымдарына қымыз өндіруге- 42,6 млн. теңге; бал өндіруге 15 ауылшаруашылық құрылымдарына - 4,74 млн. теңге; асыл тұқымды мал басын сатып алуға және селекциялық жұмыстар жүргізуге 53 ауыл шаруашылық құрамаларына -90 млн. теңге бөлінді.

Өнеркәсіп.

2014 жылдың 11 айына өнеркәсіп өнімдерін өңдеу көлемі 2167,4 млн. теңгені (жаңа есептеумен 2013 ж 1-ші қарашасына-2374,6 млн. теңге) немесе өткен жылдың деңгейімен салыстырғанда 91,3 пайызды құрады. Нақты көлем индексі - 72,0 пайызды құрап, қаңтар-қараша айларына қойылған жоспар тапсырма бойынша 1991,8 млн. теңге өнеркәсіп өңдеу есебінен (+175,6 млн. теңге) 108,8 пайызға орындалды.

2014 жылға өнеркәсіп өнімінің болжамдық өңдеу көлемі 2425,2 млн. теңгені құрап, 2014 жылы қаңтар -қараша айларына қойылған жоспар- тапсырма бойынша 2213,7 млн. теңге сомасында өнеркәсіп өнімінің көлемі 109,5 пайызға орындалды. Және өткен жылмен салыстырғандағы өрлеу қарқыны 93,6 пайызды құрады. 2013 жылы кен-өндірісі өнеркәсібі 232,7 млн. теңгені құраған, ал 2014 жылы геологиялық барлау жұмыстары жүргізілмеді. Сондықтан, бұл көрсеткіш өнеркәсіп өнімінің көрсеткішіне ықпал етті.

(Жалғасы 2 бетте.)

Аудан әкімі Қалиқан Байғонцсовтың «Катонқарағай ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2014 жылы қортындылары» туралы есептік баяндамасы

(Соңы. Басы 1-бетте)

2014 жылдың аяғына дейін іс-шаралар жоспарына сәйкес өнеркәсіп саласында экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету жоспарланған.

Аймақтық индустриаландыру Қартасына сәйкес белгіленген мерзімде бір нысанда пайдалануға енгізуді қамтамасыз ету: «Үлкен Нарын ауылында балды бөліп құю және бөлшектеп орау цехын ашу», «Көсенов Д.М.» шаруа қожалығы, «Алтын Ара» ЖШС ашу.

Бүгінгі күні «Алтын Ара» ЖШС әділет басқармасында тіркелген, аудандық статистика бөліміне есеп беріліп, белсенді кәсіпорындар қатарына қосылған. «Центр-кредит» банкінде осы жоба мақұлданып, «Бизнестің жол картасы- 2020» бағдарламасы бойынша аймақтық үйлестіру кеңесімен индустриалық-инновациялық даму кәсіпкерлік басқармасына жіберілген болатын. Үйлестіру кеңесінің мақұлдауын алып, «Даму Қоры» АҚ пайыздық бірлік субсидиясына (7 пайыз) құжаттар жіберілді.

Қазіргі уақытта ғимарат толықтай жабдықталған. Несие қаражаты алынғаннан кейін, балды бөлшектеп құю желісі іске қосылатын болады.

Болжамды нәтиже: Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде «Катонқарағай балы» арнайы орамада брендтік тауар ретінде саудаланады. Катонқарағай ауданы бойынша мектеп оқушыларын, жақын маңдағы аудандарды (Күршім, Зырян, Зайсан) және облыс орталығын бал өнімдерімен қамтамасыз етуге, Қарағанды қондырлық фабрикасына жылына 10 тонна бал жеткізуге келісім- шарт жасалды. Астана, Алматы қалаларында өтетін жәрменкелерде бал өнімі (10 тонна) саудаланатын болады.

Кіріпші, шлакоблок, пластикалық терезелер, тротуар тақталары («Нарын-Сервис» ЖШС) шығаруды ұйымдастыруға 35 млн. теңге бөлінді.

2014 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша 93 млн. теңгеге шағыл- 10 млн. теңге (5000 текше метр), ағаш материалдары- 1,9 млн. теңге (76 текше метр), пластикалық терезелер - 16,2 млн. теңге (324 кг), тротуар тақталары 10 млн. теңге (500 тонна), тауарлық бетон- 40,5 млн. теңге (3300 тонна), металл бұйымдары- 14,4 млн. теңге (6 тонна) өндірілді.

Тротуар тақталаларын шығару кәсіпорындарын ұйымдастыру (тас төсеуіш), рабица және дәнекерленген сымдар, тордан жасалған қалалар, қақпа мен тор, пластикалық терезелер, шалғай аумақтардағы малшыларға арналған жылтытылған вагондарды жасап шығару. Өтініш беруші Жунусов Ербол.

Шағын және орта бизнес

Тіркелген шағын бизнес кәсіпорындарының саны 118 бірлік немесе былтырғы жылдың (2013 жылдың 1 желтоқсанына -84 бірлік) сәйкес кезеңімен, оның ішінде жұмыс істеп тұрғаны - 85 бірлік немесе 101,2 пайыз (2013 жылдың 1-ші желтоқсанына — 84 бірлік), белсенді- 65 бірлік немесе 85,5 пайыз (2013 жылдың 1-ші желтоқсанына- 76 бірлік).

Белсенді кәсіпорындар санының төмендеуі себебі, ауданның 15 кәсіпорыны («Эра» ЖШС, «Восток-Ерасыл» ЖШС, «Приморское» ЖШС, «Шығыс Шаңырақ» ЖШС, «Хайрузовка егінді серіктестігі» ЖШС, «Мұзтау» ЖШС, «АгроДос» ЖШС, «МаксАгро» ЖШС, «Құнарлы» ЖШС, «Касержас» ЖШС, «Адал-СК», «Пять Злаков» ЖШС, «Өскемен-Катон» ЖШС, «Бұлғын- У», «ЗОВ» ЖШС) 1-СР есептерін тапсыру кезінде өндірілген өнімнің көлемін және активтерін көрсетпегендіктен, (Онлайн тәртібінде) қызметін уақытша тоқтатылғандарға ауыстырылған болатын.

Жоғарыда аталған кәсіпорындар 2014 жыл бойы ай сайын тоқсан сайын, аудандық статистика бөліміне есеп тапсырды.

Болжам бойынша жылдың аяғына дейін берілген тапсырма 100 пайызға орындалып, белсенді кәсіпорындар саны 80 бірлікке дейін жететін болады.

2014 жылдың 11 айына бөлшек-сауда тауар айналымының көлемі 2561,0 млн. теңге немесе былтырғы жылдың осы кезеңінің өсіміне 111,8 пайызды құрайды. Физикалық көлем индексі 104,1 пайыз.

Бөлшек- сауда тауар айналымы жыл қорытындысы бойынша — 2856,0 млн. теңге (2014 жылдың 1 — ші қаңтарына — 2569,0 млн. теңге), былтырғы жылдың ұқсас кезеңінің өсіміне 111,2 пайызды құрайды.

Әлеуметтік саясаттың бірден-бір қағидаты жұмысқа бейімді халықты ел экономикасының дамуына тарту болып табылады. Сондықтан, тұрғындарды әлеуметтік қорғау жүйесі бағыттарының бірі — тұрғындарды тұрақты түрде жұмыспен қамтамасыз ету.

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасының орындалуы туралы

Бүгінгі таңда еліміздің әлеуметтік-экономикалық деңгейі жылдан-жылға көтеріліп, халықтың ахуалы да жақсарып келеді. Бұл қоғамдық экономикамыз дамып, әлеуметтік саланың жаңа бағыттарға бетбұрыс жасауында болып отыр. Елдігіміз ескеріліп, етек-жеңіміз жинақтала түсті. Мемлекет Басшысының дара саясатының нәтижесінде жұмыссыздық деңгейін төмендету бағытында көптеген игі шаралар жүзеге асырылуда. Нарықтық дағдарыстың өтпелі кезеңдерінің біразын еңсеріп, артқа

тастадық. Үкімет Басшысының салиқалы саясатының шеңберінде ауданымызда да біршама істер көрініс тауып, өз нәтижесін беруде.

Мемлекеттік бағдарламалардың бірі боп табылатын «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасын іске асыру мақсатында биылғы жылы Бағдарламаға - 305 адамды қамту жоспарланып, бүгінгі таңда 499 адам (164 %) бағдарламамен қамтылды, соның ішінде — 441 адам әлеуметтік келісім-шартқа қол қойды.

441 бағдарламаға қатысып, әлеуметтік келісім-шартқа қол қойды. Олардың ішінде табысы аз азаматтар жоспар — 60 адам, қамтылғаны -61 адам (101 %)

Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар жоспар -87, қамтылғаны —233 адам, оның ішінде мардымды -110 адам, мардымсыз-123 адам.

Жұмыссыздар, жоспар бойынша -158, қамтылғаны —208 адам, яғни, жылдық жоспардың (131 %) құрайды.

Осы бағдарламаға қатысқандардың ішінде - 18 адам мүгедектер.

Бағдарламаға қатысқан 441 адамның 175- әйелдер, 266- ер азаматтар, оның ішінде 17-29 жас аралығындағы жастар — 130.

Бағдарламаның бірінші бағыты «Инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету»

Бағдарламаның бірінші бағыты бойынша республикалық бюджеттен бөлінген қаражат — 133,925млн. теңге, жергілікті бюджеттен- 15,425 млн. теңге бөлінген, осы бағыт шеңберінде Катонқарағай, Алтынбел, Үлкен Нарын ауылдарында төмендегідей жобалар бойынша жұмыстар жүргізілді.

1. Катонқарағай ауылындағы Рыков, Ленин орта мектептерінің шатыры, Торайғыров, Қабанбай Батыр көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мердігерлер: Ж/К «Алмұратов», ЖШС ««Infinity communication», ЖШС «Үлкен Нарын ӨЖУ»

2. Үлкен Нарын ауылындағы Панфилова көшесіне орташа жөндеу. Мердігер: «Нарын Сервис» ЖШС-і.

3. Алтынбел ауылындағы Шөкәрім, Қабанбай Батыр көшелеріне орташа жөндеу. Мердігер: ЖШС «Нарын-Сервис» ЖШС-і.

4. Солдатово ауылындағы Солдатово орта мектебін күрделі жөндеу. «Өскемен Катон» ЖШС-і.

Жоғарыда аталған нысандар бойынша жұмыстар толығымен аяқталып, мердігерлер тапсырыс беруші мекемелерге қабылдау актісі арқылы тапсырды. Осы уақытша жұмыстарға жұмыспен қамту орталығы арқылы — 40 адам жолданып, уақытша жұмыста жүрген уақытта зейнетақы қорларына 10 пайыздық міндетті жарна аударылуы талап етіліп, бақылауда ұсталынды. Жылдық жоспардың 100% құрады.

«Ауылда кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс орындарын құру және тірек ауылдарын дамыту» екінші бағыты

Бұл бағытты іске асырудың басым құжығын ауыл тұрғындары иеленіп отыр. Өйткені, инфрақұрылымдық жобаларды дамытуға шағын несие беру, ауыл азаматтарының жұмыссыздық санын азайтуға, санаулы ғана отбасының әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын көтеруге жәрдемдесу арқылы, еңбек ресурстарының ұтқырлығын көтеру, «Ауылда кәсіпкерлікті дамыту» арқылы адамдардың белгілі бір кәсіппен шұғылдануларына мүмкіндік беріп, олардың ертеңге деген сенімдерін нығайта түсу.

Бағдарламаның бұл бағытына 149 адам қатысып, оның ішінде 68 адам ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы, 81 адам жауапкершілігі шектеулі серіктестік «Ертис» акционерлік қоғамы арқылы несие қаражаттарын алып, жаңадан жеке ісін ашқан -147 , жеке істерін кеңейткендер —2.

Осы бағыт шеңберінде «Нұр Отан» партиясының қабылдауында болған 3 топтағы мүгедектің бірі бар 4 азамат несие алды. Бөлінген қаражат 351,5 млн. теңге. Осы бағыттың шеңберінде 149 жаңа жұмыс орны ашылды. Бүгінгі күні несие алған азаматтардан өз зейнетақы қорларына 10 пайыздық міндетті жарнасын аударылуы талап етіліп отыр.

Және де айта кететін жағымды жайт, осы Бағдарлама бойынша несие алған азаматтарға жайылымдық жерлері бар болған жағдайда, жылжымалы вагон алуға болады. Осыған орай, несие алушылардан жыл басының бірінші жарты жылдығында жылжымалы вагонға (блок-модульге) 27 өтінім, жылдың екінші жартыжылдығында - 22 өтініш түсіп отыр.

«Катонқарағай ауданының сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі түскен сұраныстарды қарап, әрбір жоба бойынша қорытынды шығарып, «Жұмыспен қамту - 2020 жол картасы» бағдарламасының 20 соңғы несие алушыларына жылжымалы вагон таратып берді:

- Көшенов Бақытжан Тоқтарқанұлы — Өрнек а., Қошанаев Берікбол Елубайұлы — Катонқарағай а., Төлегенов Есен Қасенұлы — Көктерек а., Аяганова Фатима

Бақтиярқызы - Үлкен Нарын а., Мәмиева Қаршыға — Топқайың а., Дәулетханов Ришат Түсіпбекұлы — Көктерек а., Бұтабаев Сайранбек — Белқарағай а., Әшкенов Дамир Еділұлы — Юбилейное а., Байсапаров Талғат- Майемер а., Кисин Талғатбек — Жұлдыз а., Жуасов Асан Айтқұмашұлы — Ақсу а., Қалиев Жұмабек — Үштөбе а., Уәлиев Бақытбек Тоқтасынұлы — Согорное а., Бақатаев Рафхат Мухтарбекұлы — Топқайың а., Тоқтасынов Тілеухан Шаянұлы — Катонқарағай а., Жанабаев Мейір Жанарұлы — Үлкен Нарын а., Бахтияров Айдар Амантайұлы - Үлкен Нарын а., Садуов Қажымұрат Машкенұлы — Үшбұлақ а., Мұсайыпов Айдарбек Мұқатайұлы — Жұлдыз а., Серкенов Қайрат Абылқанұлы — Өрнек а. Қалған өтінімдер 2015 жылдың бірінші жартыжылдығында қаралып, оң қорытынды алған соңғы несие алушыларға берілетін болады.

«Жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналастуға жәрдемдесу» үшінші бағыты

Биылғы жылы үшінші бағыт бойынша бөлінген қаражат — **26 493 мың теңге.**

2014 жылы жұмыс берушілермен 19 келісім шарт жасалып, әлеуметтік жұмыс орындарына 104 адам жолданып, жоспардың 226 пайызын құрады.

Әлеуметтік жұмыс орындарына бөлінген қаражат -**13 978 мың теңге.**

Ағымдағы жылдың 1 желтоқсанына әлеуметтік жұмыс орындарына жолданған 104 адамның барлығы жұмысқа тұрақты орналастырылды, соның ішінде 4-і мүгедектігі бар азаматтар.

Жастар іс тәжірбиесіне 15 түлек жолдану жоспарланған болса, жолданғаны 24 адам, бөлінген қаражат- 3009 мың теңге. Бүгінгі күні жастар іс тәжірбиесін аяқтаған 22-і адам тұрақты жұмысқа орналастырылды, 2-і декреттік демалысқа шықты.

Ағымдағы жылы кәсіптің оқуға 2014 жылдың 1 қыркүйегінен 19 адам, газдәнекерлеуші, сатушы, столяр-құрылысшы мамандықтары бойынша жолданған, оқу мерзімі 10 ай, аяқталу мерзімі маусым айы, биылғы жылғы бөлінген қаражат — **4 286 мың теңге.**

Қайта даярлау курсына 19 адам жіберу жоспарланған, жолданғаны 20 адам, бөлінген қаражат — **3 940 мың теңге.** Жұмыс берушінің өтінімі бойынша төмендегідей мамандықтар бойынша курс оқытылды:

Ветсанитар -9 адам, хатшы референт -3 адам, бухгалтер -3, наубайшы -5 адам. Жоғарыдағы 20 адамның 17-і жұмысқа орналасты, 1-і көшуіне, 1-і декреттік демалыста, 1-і жоғарғы оқу орнына түсуіне байланысты орналастырылмады.

Біліктілігін жоғарылату курсына — 10 адам аспаз мамандығы бойынша жолданған, бүгінгі күні толығымен жұмыспен қамтылған, бөлінген қаражат — **1 280 мың теңге.**

Инвестициялық қызмет

Негізгі капиталдың инвестициялық көлемі 2633,0 млн. теңге (2013 жылдың 1-ші желтоқсанына- 1672,2 млн. теңге) немесе былтырғы жылдың ұқсас кезеңінің өсімімен салыстырғанда 161,8 пайызды құрайды. Табиғи көлем индексі —158,6 пайыз.

Құрылыс

Тұрғын үйді пайдалануға енгізу. 2014 жылдың 11 айына 1304 текшеметр енгізіліп, қойылған жоспар-тасырма 104 текшеметрге немесе 108,7 пайызға орындалды.

Өткен жылы қойылған жоспар-тапсырма 1300 текшеметр көлемінде 100,3 пайызға орындалды.

2014 жылдың қараша айына құрылыс жұмыстарының көлемі 1699,1 млн. теңге сомасын құрап, немесе өткен жылдың деңгейімен салыстырғанда 124,8 пайызды құрады (2013 жылдың 11 айына — 1361,2 млн. теңге). Табиғи көлем индексі — 124,2 пайыз.

2014 жылдың 11 айының қортындысы бойынша қойылған жоспар-тапсырма 1762,7 млн. теңгенің 63,6 млн. теңгесі орындалмағандықтан, 96,4 пайызды құрады.

Осыған байланысты 50 адамнан аз жұмысшылар бар кәсіпорындар жыл қорытындысы бойынша есебін тапсырады (бұрын тоқсан сайын), сондықтан әлеуметтік сала кешендерінің құрылыс көлемі және жеке инвестиция есебінен енгізілген нысандар көлемі (аудан орталығында және орталық елді мекендерде) 165 млн. теңге сомасына дүкендер, наубайханалар, сауықтыру кешендері, дәмханалар, тірек ауылдарында қонақ үйлер) есебіне енгізілмеді. Жыл аяғына дейін құрылыс жұмыстарының болжамдық көлемі 1864 млн. теңге сомасын құрап немесе қойылған жоспар-тапсырма 100,1 пайызға орындалды.

«Қолжетімді баспана — 2020» бағдарламасы бойынша Үлкен Нарын ауылында 27 пәтерлі тұрғын-үй салуға аудандық бюджет есебінен 4,5 млн. теңге бөлініп, ЖҚС әзірлеу жұмыстары басталып кетті.

2014 жылы Үлкен Нарын ауылында Шығармашылық үйі, Сенное ауылында бастауыш сыныптар бөлімі, Аршаты ауылында бастауыш сыныптар бөлімі және көпір пайдалануға берілген болатын.

Сонымен қатар, 2014 жылы Үлкен Нарын ауылында 204,4 млн теңгеге 160

орындық дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Үлкен Нарын ауылында 500 орындық К. Дамитов орта мектебі, Катонқарағай ауылында 108,7 млн. теңгеге мектеп интернаты, 123 млн. теңгеге ветлаборатория құрылысы, Өрел ауылындағы су құбырын жаңғырту мақсатында — 165 млн. теңге, Ново-Хайрузовка және Аққайнар ауылдарындағы су құбырларын жаңарту мақсатында 16 млн. теңгені құрайтын ЖҚС әзірленуде.

Үлкен Нарын ауылында орталық жылыту жүйесін жаңғырту құрлысы жүргізілуде, жобалық-сметалық құжаттың жалпы құны 428,5 млн. теңгені құрады.

2015 жылы Катонқарағай ауылының орталық жылыту жүйесін жаңғыртуға жобалық-сметалық құжаттар жасау жоспарлануда, аудандық бюджеттен бұл мақсатқа 2,0 млн. теңге бөлінді, бүгінгі күні жобалық-сметалық құжат жасауға қажетті 12,5 млн. теңгеге ШҚО ТҮКШ және энергетика басқармасына бюджеттік өнім беріледі.

Сондай-ақ, Үлкен Нарын ауылындағы көріз жүйесін қайта жаңғыртуға ЖҚС әзірлеу үшін 37 млн. теңгеге ШҚО ТҮКШ және энергетика басқармасына бюджеттік өтім беріледі.

Келешегі бар саланың бірі - туризм болып табылады. Ауданда осы саланы дамытуға барлық мүмкіншілік бар, туризм жол картасы жасалған. Аймақта «Рахман қайнары» шипажайы, «Нұр бұлақ» демалыс базасы және 9 пантымен емдеу орындары қызмет көрсетіп отыр. 2015 жылы жол бойында қымыз, бал, және басқа да өнімдерді сату жалғасатын болады.

Жергілікті тұрғындар арасында туристерге қызмет көрсету бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде.

2014 жылы Бұқтырма су қоймасының жағасында 100 орындық демалыс базасының құрылыс жұмыстары басталып кетті. (Өтініш беруші Соколенко А.Е.).

Сонымен қатар, Ақшарбақ, Жазаба, Маралды ауылдарында шипажайлардың құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді.

Денсаулық сақтау

Халыққа медициналық көмекті аудандық орталық аурухана, аудандық аурухана, 6 дәрігерлік емханалар, 5 фельдшерлік- акушерлік және 35 медициналық пункттер көрсетеді.

2014 жылдың 1 желтоқсанына 328 нәресте дүниеге келді, 2013 жылдың деңгейімен салыстырғанда 19 нәрестеге көбірек.

Өткен жылы 291 адам қайтыс болып, 2013 жылдың деңгейімен салыстырғанда 10 адамға артты. Табиғи өсім 37 адамды құрады.

Нәресте өлімінің көрсеткіші- 12,1 пайызды құрайды 1000 тірі туылған балаға (2013 жылы- 12,9 пайыз).

Ана өлімі жағдайлары тіркелмеген. Туберкулезбен ауыратын адамдар саны 2013 жылдың деңгейімен салыстырғанда 61,9 пайызға азайып, 27,3 пайызды құрады (2013 жылдың 1-ші желтоқсанына -71,1 пайыз).

2014 жылы туберкулезбен ауырғандар саны 8 адам, 2013 жылдың деңгейімен салыстырғанда 39 пайызға азайған (2013 жылы- 21 адам). Облыс аймақтары арасында біздің аудан 1 орын алып тұр.

Өткен жылдың 11 айына туберкулез ауруынан өлім жағдайлары тіркелген жоқ, 2013 жылдың 1- желтоқсанына 1 жағдай тіркелген.

2014 жылдың 1 желтоқсанына 161 қылмыс тіркеліп, 2013 жылдың деңгейімен салыстырғанда 80,5 пайызды құрады.

2013 жылы 71,6 пайызды құраса, өткен жылы қылмыстың ашылуы керісінше 70,3 пайызға орындалған.

2014 жылдың 1-ші желтоқсанына 12 ауыр қылмыс тіркелен, 2013 жылдың деңгейімен салыстырғанда 9 ауыр және 1 аса ауыр қылмыс тіркелген немесе ол

33,3 пайызға өскен. Ауыр және аса ауыр қылмыстың ашылуы 53,8 пайызды құрайды (2013 жылы — 77,8 пайыз).

Ауылдық округтерде болған қылмыстың негізгі түрлері — мал ұрлау, дене жарақаттарын түсіру, бұзақылық болып табылады.

Бүгінгі күні 2 ауылдық округте мобильдік топтар ұйымдастырылып, (Ново-Поляковка, Ново-Хайрузовка), рейдтік шығулар өткізіледі.

Осы жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Конституциямыздың 20 жылдығын, Ұлы Жеңістің 70 жылдығы атап өтіледі. Ұлы жеңістің 70 жылдығын атап өту үшін аудандық арнайы іс-шаралар жоспары бекітіледі. Жұмыс тобы құрылады.

Бұл орайда әрбір катонқарағайлықтарға жүктелген міндет салмақты десем болады.

Осы арада Елбасының Жолдауында айтылған мән-мағынасы терең сөздерін келтірсек орынды: «Ел бірлігі — біздің барша табыстарымыздың кілті. Ұлы жолдағы сапарымыз сәтті, болшағымыз жарқын болсын!»

Ол - барша Қазақстан қоғамының осындай ұлы құндылығы!

Еліміздің өркендеу жолында баршамыз бірігіп, аянбай қызмет етейік!

Осы жолда баршаңызға сәттілік тілеймін!

Жалғасы. Басы газеттің өткен санында)

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28 /206-V шешіміне 1 қосымша

2015 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті

Атауы	Сомасы (мың теңге)	Акциздер	1745,0	Өзге де салықтық емес түсімдер	1700,0
I.Кірістер	4669494,0	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2800,0	Өзге де салықтық емес түсімдер	1700,0
Салықтық түсімдер	530806,0	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4926,0	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	18100,0
Табыс салығы	233779,0	Ойын бизнесіне салық	238,0	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2100,0
Жеке табыс салығы	233779,0	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2736,0	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	2100,0
Өлеуметтік салық	193600,0	Мемлекеттік баж	2736,0	Жерді және материалдық емес активтерді сату	16000,0
Өлеуметтік салық	193600,0	Салықтық емес түсімдер	4312,0	Жерді сату	4000,0
Меншікке салынатын салықтар	90982,0	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2612,0	Материалдық емес активтерді сату	12000,0
Мүлікке салынатын салықтар	38805,0	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2600,0	Трансферттердің түсімдері	4116276,0
Жер салығы	8964,0	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	12,0	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	4116276,0
Көлік құралдарына салынатын салық	39913,0			Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	4116276,0
Бірыңғай жер салығы	3300,0				
Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	9709,0				

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28 /206-V шешіміне 2 қосымша

2016 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті

Атауы	Сомасы (мың теңге)	Акциздер	1757,0	Өзге де салықтық емес түсімдер	510,0
I.Кірістер	3322151,0	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2800,0	Өзге де салықтық емес түсімдер	510,0
Салықтық түсімдер	557909,0	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4767,0	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	22300,0
Табыс салығы	242376,0	Ойын бизнесіне салық	254,0	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4300,0
Жеке табыс салығы	242376,0	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2924,0	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4300,0
Өлеуметтік салық	208381,0	Мемлекеттік баж	2924,0	Жерді және материалдық емес активтерді сату	18000,0
Өлеуметтік салық	208381,0	Салықтық емес түсімдер	3303,0	Жерді сату	5000,0
Меншікке салынатын салықтар	94650,0	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2793,0	Материалдық емес активтерді сату	13000,0
Мүлікке салынатын салықтар	40310,0	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2781,0	Трансферттердің түсімдері	2738639,0
Жер салығы	8972,0	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	12,0	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2738639,0
Көлік құралдарына салынатын салық	42061,0			Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2738639,0
Бірыңғай жер салығы	3307,0				
Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	9578,0				

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы №28 /206-V шешіміне 3 қосымша

2017 жылға арналған Катонқарағай ауданының бюджеті

Атауы	Сомасы (мың теңге)	Акциздер	1757,0	Өзге де салықтық емес түсімдер	510,0
I.Кірістер	3197086,0	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2800,0	Өзге де салықтық емес түсімдер	510,0
Салықтық түсімдер	567481,0	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4767,0	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	24300,0
Табыс салығы	245515,0	Ойын бизнесіне салық	271,0	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4300,0
Жеке табыс салығы	245515,0	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	3128,0	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	4300,0
Өлеуметтік салық	210465,0	Мемлекеттік баж	3128,0	Жерді және материалдық емес активтерді сату	20000,0
Өлеуметтік салық	210465,0	Салықтық емес түсімдер	3498,0	Жерді сату	5000,0
Меншікке салынатын салықтар	98778,0	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2988,0	Материалдық емес активтерді сату	15000,0
Мүлікке салынатын салықтар	41490,0	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	2976,0	Трансферттердің түсімдері	2601807,0
Жер салығы	8972,0	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	12,0	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	2601807,0
Көлік құралдарына салынатын салық	45003,0			Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	2601807,0
Бірыңғай жер салығы	3313,0				
Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	9595,0				

Атауы	Сомасы (мың теңге)	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1000,0	Тұрғын үйге көмек көрсету	1440,0
II. Шығындар	4669494,0	Білім беру	2788757,0	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	41152,0
Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	352392,0	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	223487,0	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	1734,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14649,0	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	95772,0	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	11869,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14649,0	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	127715,0	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	22283,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	108403,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2521511,0	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	130,0
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	96525,0	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7154,0	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	740041,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11878,0	Жалпы білім беру	2264502,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	79083,0
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	190826,0	Балаларға қосымша білім беру	65776,0	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	1100,0
Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	186146,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	18006,0	Азаматтардың жекелеген санаттарын тұрғын үймен қамтамасыз ету	4450,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4680,0	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлеуі	17056,0	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	34766,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	19784,0	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	781,0	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	8200,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	17654,0	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	121133,0	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	161,0
Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	450,0	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	27103,0	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	4167,0
Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1420,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	38324,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу жүйелерін қолдануды ұйымдастыру	11205,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	260,0	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	38324,0	Жұмыспен қамту 2020 жол картасы бойынша қалаларды және ауылдық елді мекендерді дамыту шеңберінде объектілерді жөндеу және абаттандыру	15034,0
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	18730,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	5435,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	577992,0
Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	18470,0	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	5435,0	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	313792,0
Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	260,0	Өлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	257340,0		
Қорғаныс	16973,0	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	257340,0		
Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	16973,0	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25540,0		
Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	12973,0	Жұмыспен қамту бағдарламасы	24558,0		
Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	4000,0	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	22140,0		
Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1000,0	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	5208,0		
Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1000,0				

Зейнетақы және әлеуметтік төлемдердің өсуі туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.12.2014 жылғы № 1309 «2015 жылғы 1 қаңтардан бастап уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы» Қаулысына сәйкес 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы төлемдерін алушы азаматтардың зейнетақы төлемдерінің мөлшері алатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерінен тоғыз пайызға арттырылды.

Қазақстан Республикасының 28.11.2014 жылғы № 259-V «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 11 бабына сәйкес, 2015 жылдың 1 қаңтарынан төменгі мөлшерлерде көрсеткіштер белгіленді:

Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 1 982 теңге, Ең төменгі зейнетақы мөлшері (2015 жылы тағайындалатын) – 23 692 теңге,

Ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКҚД) – 21 364 теңге, Базалық зейнетақы төлемі – 11 182 теңге,

Ең төменгі еңбекақының мөлшері – 21 364 теңге. 2015 жылы тағайындалатын зейнетақыны есептеу үшін алынатын ең жоғары табыстың мөлшері 81 262 теңгені құрайтын болады (41 АЕК).

2015 жылы тағайындалатын зейнетақының ең жоғары мөлшері 60 947 теңгені құрайтын болады (41 АЕК-тің 75 %).

Заңның 11 бабына сәйкес:

- Базалық зейнетақылық төлемнің мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты артты;

- Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің өзгеруіне байланысты артты немесе орташа есеппен 7 %;

- №1 тізім және №2 тізім бойынша мемлекеттік арнайы жәрдемақылардың мөлшері, бір жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақылардың мөлшері айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты артты немесе орташа есеппен 7 %;

- 2015 жылдың 1 қаңтарынан арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және арттыру 1 982 теңге сомасындағы айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен есептелінеді;

- 2015 жылдың 1 қаңтарынан мүгедек баланы тәрбиелеушілерге жәрдемақыларды тағайындау және арттыру 1,05*Ең төменгі еңбекақының мөлшерінен есептелінеді және 22 433 теңгені құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 1308 «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдердің мөлшерін 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап арттыру туралы» Қаулысына сәйкес, 2015 жылдың 1 қаңтары қарсаңына еңбек ету қабілетінен айрылған және асыраушысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлем алушы болып табылатын алушылардың әлеуметтік төлемдері 7 %-ға артты.

Қазақстан Республикасының 28.11.2014 жылғы № 259-V «2015-2017 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңының 11 бабына сәйкес, 2015 жылдың 1 қаңтарынан Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда төленетін ең төменгі мөлшерде әлеуметтік төлем алушылардың төлемдерінің мөлшері айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты артты.

Мырзабек Тілеубаев, аудандық МЗТО бастығы.

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Сайлау округінің атауы	Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымдық қызметі	Қабылдау орны	Азаматтарды қабылдау күні және уақыты
Новохайрузовка	Б.З.Садуев	«Самай Транс» ЖШС филиалының директоры	Новохайрузовка а/ә ғимараты-Алыбай, Құндызды, Приморск, ауылдары* «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимараты Үлкен Нарын ауылы Абылайхан к-сі. №116	Әр айдың үшінші жұмасы 14.00-16.00 Әр айдың екінші жұмасы 14.00-16.00
Үлкен Нарын	Н.Қ.Шаухин	«Нарын Сервис» ЖШС директоры	«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимараты Үлкен Нарын ауылы Ш.Тумашинов к-сі. №2/12 Юбилейное орта мектебінің ғимараты Көкбастау ауылы	Әр айдың 3-ші бейсенбісі 10.00-14.00 Әр айдың төртінші бейсенбісі 14.00-16.00
Боран	Г.М.Ағажәева	«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы тәр-ағасының орын-басары	«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимараты Үлкен Нарын ауылы Абылайхан к-сі. №116	Әр айдың соңғы дүйсенбісі 14.00-16.00,
Балғын	Ж.Жаңабаев	ШҚ басшысы	«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимараты Үлкен Нарын ауылы Абылайхан к-сі. №116 Мектеп ғимараты: Жұлдыз а Балғын а Көктерек а. Свинчатка а.	Әр айдың 1-ші сәрсенбісі 14.00-16.00 Әр айдың бірінші жұмасы 10.00-11.00 12.00-13.00 14.00-15.00 16.00-17.00
Алтынбел	М.Т.Бұлғұнов	«Булгун У» ЖШС-нің директоры	Алтынбел а/ә ғимараты, Алтынбел а Мектеп ғимараты: Үштөбе Егінді Майемер Новополяковка а/ә ғимараты, Новополяковка а	Әр айдың 1-ші сәрсенбісі 10.00-12.00 Әр айдың 1-ші бейсенбісі 12.00-13.00 10.00-11.00 әр айдың 1 жұмасы 10.00-12.00 әр айдың бірінші сәрсенбісі 10.00-12.00
Белқарағай	Е.Қ.Кешілбаев	«Исатай» ЖШС-нің директоры	Белқарағай а/ә ғимараты, Өрнек, Сөгір,Топқайың ауылдары* Солдатово а/ә ғимараты	Әр айдың 2-ші бейсенбісі 14.00-16.00 Әр айдың екінші жұмасы 14.00-16.00
Катонқарағай	Б.М.Қажкенова	Жеке кәсіпкер	Катонқарағай а/ә ғимараты, Катонқарағай ауылы, мектеп ғимараты Қабырға ауылы	Әр айдың бірінші дүйсенбісі 10.00-12.00 14.00-16.00
Алтай	Б.Н.Тоқтағанов	Рыков атындағы орта мектептің директоры	Катонқарағай а/ә ғимараты	Әр айдың екінші сәрсенбісі 14.00-17.00
Жамбыл	Д.З.Бралинов	Аудандық мәслихат хатшысы	Жамбыл а/ә ғимараты, Жамбыл, Қайыңды, Берел, Аршаты, Шұбарағаш,	Әр айдың екінші жұмасы 10.00-17.00
Ақсу	А.С.Кертешев	Катонқарағай МҰТП-ның Ақсу филиалының директоры	Ақсу а/ә ғимараты Ақшарбақ, Талды, Беқалқа, Үшбұлақ, Жазбаба, Барлық ауылдары* Коробиха а/ә ғимараты	Әр айдың екінші сәрсенбісі 14.00-16.00 Әр айдың үшінші сәрсенбісі, 14.00-16.00
Өрел	Е.К.Жұмағұлов	Берел тарихи-мәдени қорық мұражайының директоры	Өрел а/ә ғимараты, Өрел а. Еңбек ауылы* Шыңғыстай мектебінің ғимараты	Әр айдың төртінші жұмасы 10.00-13.00 Әр айдың үшінші жұмасы 10.00-13.00

(* - тұрғындарды сол ауылға жақын орталықта қабылдайды)

Директор-редактор Жомарт Жақыпов	Құрылтайшы: ШҚО Қаржы басқармасы. Өкілетті орган: ШҚО Ішкі саясат басқармасы.	Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінде тіркеліп, 25. 06. 2013 жылы № 13707-Г тіркеу туралы куәлік берілген. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар өңделмейді және қайтарылмайды. W белгісі қойылған мақалалар жарнама ретінде жарияланады. Газет «Арай»- «Луч» ЖШС-нің компьютерлік цехында теріліп, беттелді. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. Газет «Шығыс - Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Өскемен қаласы, Космос к-сі, 6/3. Тел: 8 (723-2)75-15-38. Жарнамалар мен хабарландырулар мәтіндерінің дұрыстығы үшін редакция жауап бермейді.
Компьютерлік беттеу операторы: Жайдары Нұрғазина Газет нөмірі бойынша кезекші: Нұрзада Исабаева	Телефондар: Директор-редактор - 8(72-341) 2-90-60, Тілшілер - 2-11-53, 2-19-79. Бухгалтер - 2-19-96. Компьютер цехы (факс) - 2-14-60. Катондағы тілшілер қосыны - 2-13-71. Мекенжайы: 070900, Үлкен Нарын ауылы, Абылайхан көшесі, № 96 үй. e-mail: arai-luch@mail. ru	Газет сәрсенбі, жұма күндері қазақ және орыс тілдерінде шығады. Офсетті басылым. Көлемі 1 баспа табақ. Индексі: «Арай» 6 айға - 19313, 12 айға - 19351; «Луч» - 6 айға -19314 12 айға - 19352. Нөмірдің таралымы - 3193 дана: «Арай»-1875, «Луч»-1290. № 5695 тапсырыс.

Құттықтаймыз!

Жамбыл ауылдық округі әкімшілігінің бас маманы Төлессов Орынбай Бісқақұлын 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 60 жасқа алып жетті. Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. Туылған күніңіз құтты болсын. Сізге зор денсаулық, еңбегіңіз жемісті болсын дейміз. Әрқашан үміттеріңіз орындалып, толағай табыстарға жете беріңіз!

*60-тың асқарына шықтыңыз сіз,
Құтты болсын алған асуыңыз,
Қуанышқа тола бергей әр күніңіз.
Балалар, немерелер ортасында,
Берекеңіз арта берсін отбасында,
Қамалдайын денсаулық мықты болып,
Тәрде отырыңыз асқақтап 100 жасыңызда.*

Ізгі тілекпен: Жамбыл ауылдық округі әкімдігінің құжымы.

Шыңғыстай ауылының тұрғыны, аяулы анамыз Асаинова Күлзия Жұқанқызын 19 қаңтар күнгі туған күнімен шын жүректен құттықтай отырып:

*58 жасқа толыпсыз ана бүгін,
Түрлендіріп ақ тілек өмір гүлін.
Құтты болсын дүниеге есік ашып,
Сәби болып өмірге келген күнің.
Орындалсын анашым басты арманың,
Жалындасын нұрыңыз, шалқып жаның,
Ұлы тойға ұлассын туған күнің,
Жақсылыққа жайылып дастарханың.
Жеміс берсін көп жылғы еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.
Жүзге жетіп баянды ғұмыр кешіп,
Арта берсін абырой, беделіңіз!*

Ізгі тілекпен: ұлдарыңыз- Сұңқар, Дидар, қызыңыз-Іңкәр, келіндеріңіз-Анель, Салтанат, немереңіз-Ақерке.



Жамбыл орта мектебі информатика пәні мұғалімі Әскербек Гаухарды 30 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз!

Сізді, біз, әріптестеріңіз шебер ұйымдастырушы, іскер, кәсіптік деңгейі жоғары маман ретінде танып құрметтейміз.

Бүгінгі мерейтойыңызда еңбегіңізге табыс, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, ұзақ ғұмыр тілейміз!

*Құтты болсын 30-ға толғаныңыз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз
Қуанамыз өзіңізбен біз бүгін
Шықсын ылғи алдыңыздан ізгі күн.
Алғы күннен күтер әркім жақсы үміт,
Келе берсін Сізге ылғи бақ күліп.
Шаттықпенен көріп таңның арайын,
Жаратушы төксің иегі жақсылық!*

Ізгі ниетпен: Жамбыл орта мектебінің құжымы.

Хабарландырулар

Үлкен Нарын ауылында 1,5 бөлмелі пәтер сатылады. Жөндеу жұмыстары жасалмаған. Бағасы 1,5 млн. теңге. Мекенжайы: Амангельді к-сі, 78 үй, 10 пәтер.
Тел. 8(7232) 21-12-36; 87055429746.

1999 ж.ш. **BA3-21099** автокөлігі сатылады. Техникалық жағдайы өте жақсы. Түсі - (золотистый металик). Қысқы және жазғы резиналары мен дискілері бар. Двигатель жылытқышы бар. Бағасы - 3000 ш.б.
Тел. 87770655503; 2-10-35.

Солоновка орта мектебінің құжымы осы мектептің мұғалімі

Додабаева Айнагүл Кәрібалақызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына және туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.